

Қазақстан
Республикасының
Ұлттық Банкі



Қазақстан
Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Нұр-Сұлтан қаласы

Алматы қаласы

2020 жылғы «03» шілде
№ 191

2020 жылғы «03» шілде
№ 275

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы

«Қатаң карантиндік шектеулі шараларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 44 қаулысына (бұдан әрі – № 44 қаулы) сәйкес, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуын болдырмау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. 2020 жылғы 5 шілдеден бастап:

1) осы бірлескен бұйрықтың қосымшасында көрсетілген субъектілер: жалпы штат санынан 50%-ға (елу пайызға) дейінгі қызметкерлерді қашықтан жұмыс істеу нысанына ауыстыруды қамтамасыз етсін; жұмыс кестесін 10 сағат 00 минуттан 17 сағат 00 минутқа дейін белгілесін;

қызмет көрсету үшін филиалдарын, бөлімшелерін және пункттерін дербес айқындасын;

қызметтерді онлайн-режимде барынша көрсетуді қамтамасыз етсін;

2) «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының жұмыс кестесі 9 сағат 00 минуттан 17 сағат 00 минутқа дейін белгіленсін, бұл ретте саудасаттық 15 сағат 00 минутқа дейін, есеп айырысулар 17 сағат 00 минутқа дейін жүргізілсін;

3) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының жұмыс кестесі 9 сағат 00 минуттан 17 сағат 00 минутқа дейін белгіленсін;

4) екінші деңгейдегі банктер және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғалар экономика субъектілері мен халықты қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету бойынша үздіксіз қызметті, оның ішінде банкоматтарды қолма-қол ақшамен уақтылы толықтыруды және олардың кідіріссіз жұмысын қамтамасыз етсін;

5) екінші деңгейдегі банктер клиенттер операцияларын өңдеуді жүзеге асыратын қызметтердің жұмысын ұйымдастыруды және банкоматтардың, терминалдардың, интернет-банкингтің, мобильдік банкингтің және басқа да клиенттердің банктік шоттарын қашықтан басқару жүйелерінің, инкассаторлық қызметтің, call-қызметтің, төлем карталарын жеткізу қызметінің, сондай-ақ олардың ұйғаруы бойынша басқа қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

2. «Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 16 маусымдағы № 164 және № 252 бірлескен бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және № 44 қаулыда көзделген шектеулі шаралардың күші жойылғанға дейін қолданылады.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) және Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Банктерді реттеу департаменті (Қизатов О.Т.), Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Медеу Е.А.) және Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев А.Л.) осы бірлескен бұйрықты осы бірлескен бұйрықтың қосымшасында көрсетілген субъектілерге жіберсін.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы**

**Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігінің Төрағасы**

_____ **Е. Досаев**

_____ **М. Әбілқасымова**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
және Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын реттеу және дамыту агенттігінің
2020 жылғы «03» шілдедегі
№ 191 және 2020 жылғы «03» шілдедегі
№ 275 бірлескен бұйрығына
қосымша

Субъектілер тізбесі

1. Екінші деңгейдегі банктер
2. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалар, ипотекалық ұйымдар)
3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары
4. Сақтандыру брокерлері
5. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар
6. Микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар
7. Төлем ұйымдары
8. Коллекторлық агенттіктер